

# АО "КАЗАХСТАНСКАЯ ФОНДОВАЯ БИРЖА"

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен

(2024 жылдың 25 желтоқсанындағы  
№ 152 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

## М Ә Л І М Д Е М Е

Осы Мәлімдемеде "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) Биржаның адам құқықтарын құрметтеуге және оның қызметінен зардап шеккен адамдарға қатысты олардың сақталуына жәрдемдесуге ұмтылысын білдіріледі.

- Биржа өз қызметінде Қазақстан Республикасының адам құқықтарын қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарын ұстанады.
- Биржа БҰҰ-ның Адам құқықтары аспектісінде кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарында баяндалған адам құқықтарын қорғау және сақтау қағидаттарына сәйкес келуге ұмтылады.
- Біздің адам құқықтары жөніндегі міндеттемелеріміз Адам құқықтарының халықаралық хартиясына және Халықаралық еңбек ұйымының жұмыс орнындағы іргелі принциптер мен құқықтар туралы декларацияда айқындалған құқықтарға қатысты принциптерге негізделген. Біз өз қызметімізге қатысты халықаралық қауымдастық мойындаған барлық адам құқықтарын сақтауға тырысамыз.
- Биржа өтеулі негізде Биржаға қызмет көрсететін барлық қызметкерлер мен тұлғаларға қатысты адам құқықтарын құрметтейді және сақтауға жәрдемдеседі. Биржа бірлестіктер бостандығын және ұжымдық келісім-шарттар жасасу құқығын мойындауды қолдайды, мәжбүрлі және міндетті еңбектің, балалар еңбегінің барлық түрлеріне, сондай-ақ жұмыспен қамту және кәсіби қызмет саласындағы кемсітушілікке қарсы тұрады. Биржа барлық жұмысшылардың мәдениетін, көзқарастарын және өмір салтын құрметтейді, жұмыс орнында дұшпандық, қорлау немесе адамның қадір-қасиетін қорлау атмосферасын құруға әкелетін әрекеттерден аулақ болады.
- Биржаның жеткізушілерге қатысты процедуралары шағымдарды қараудың нақты механизмдерін қамтиды, мүгедектігі бар адамдардың мүддесі үшін жұмыс істейтін ұйымдарды қолдауды қамтамасыз етеді және жеткізушілерді адалдыққа тексеруді көздейді. Бұған қоса, Биржа өзінің жеткізу тізбегінде адам құқықтарын сақтауды ілгерілетуге байланысты процестерді енгізуді жоспарлап отыр.
- Биржа өзінің тұрақты даму туралы жыл сайынғы есебінде деректерді ашу арқылы мүдделі тараптарды адам құқықтарын қорғау саласындағы қызметі туралы хабардар етеді.
- Биржа осы өтініштің мазмұнын және онымен байланысты мониторинг пен басқару жүйелерін үнемі қайта қарап, еңбек құқықтарын қоса алғанда, адам құқықтарын сақтау тәсілін ұдайы жетілдіруге ұмтылады. Тұрақты негізде біз осы саладағы прогресті бағалаймыз және адам құқықтары саласындағы өзекті талаптар мен үміттерді көрсететін тиісті есептерді жариялаймыз.